

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті ҚЕАҚ

«Фармация» мамандығы бойынша халықаралық қатысушылармен студенттік олимпиада

Алматы қ, 15-16 сәуір 2021 жыл

Құрметті оқытушылар мен студенттер!

2021 жылдың сәуір айының 15 және 16 жұлдызында «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина университеті» КЕАҚ халықаралық онлайн пәндер олимпиадасын «Фармация» - мамандығы бойынша фармация Мектебінің базасында өткізеді.

Олимпиаданың өтетін орны: «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ, № 2 корпус (Фармация мектебі), Төле би көшесі, 88, Алматы қаласы, Желілік- платформа арқылы (zoom).

Қатысуға шақырылады: «Фармация» мамандығы бойынша оқитын 3-5 курс студенттері. Халықаралық пәндік олимпиадалар шеңберінде болашақ мамандардың кәсіби қабілеттерін анықтау мақсатымен өткізіледі. Олимпиадаға қатысуға ұйымдастыру комитетіне уақытында өтінім берген командалар жіберіледі (turgumbaeva.a@kaznmu.kz, **2021 жылғы 5 сәуірге дейін**). Әрбір жоғарғы оқу орнынан олимпиаданың барлық конкурстарына қатысу үшін 5 (бес) адамнан артық ұсына алмайды.

Олимпиаданың I кезеңінің қорытындысы бойынша (ЖОО ішіндегі) ЖОО-ның конкурстық комиссиясы конкурс негізінде олимпиаданың II кезеңіне қатысу үшін ЖОО-ның үздік студенттерін іріктейді және жібереді.

3 бағыт:

- Менеджмент-Фармация
- Клиникалық-фармация
- Сапаны басқару

Олимпиаданың ашылуында команда атауы мен құрамын ұсынуы керек (3 мин.).

Бірінші кезең - тестілеу

Олимпиада үш кезеңде өткізіледі. 6В10104 - «Фармация» 3 пән бойынша:

- пәннің 3 курсы үшін (ДЗ зерттеу және талдау әдістері; дәрілік қалыптар технологиясы; фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру);
- пәннің 4 курсы үшін (фармацевтикалық химия; дәрілік қалыптар технологиясы; фармацияның басқарылуы және экономикасы; фармакогнозия);
- 5 курс студенттері үшін (фармацевтикалық химия; дәрілік қалыптар технологиясы; фармакогнозия; фармациядағы менеджмент және маркетинг).

Екінші кезең - фармакологиялық жаттығулар (Клиникалық-фармация бағыты бойынша)

Студенттер дәрілік қалыптар туралы білімдерін көрсетеді. Әр командаға 3 дәрілік қалып ұсынылады, екеуі тізім бойынша белгілі, үшіншісі белгісіз препарат. Фармакологиялық топты анықтау, қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін, жанама әсерлерін қажет.

Кезең жеребе тастау бойынша әр команда үшін жүйелі түрде өткізіледі.

Қатысушылар: топтан 3 адам.

Жарысқа бөлінген уақыт бір топқа 6 минутты құрайды.

Екінші кезең - дәріханада дәрілік препараттарды қабылдау және сақтау (Менеджмент-Фармация бағыты бойынша)

Қатысушыларға дәрілік препараттарды қабылдауды, сақтауды және босатуды ұйымдастыру бойынша ситуациялық жағдаяттарды шешу ұсынылады.

Кезең жеребе тастау бойынша әр команда үшін жүйелі түрде өткізіледі.

Қатысушылар: топтан 3 адам.

Жарысқа бөлінген уақыт бір топқа 5 минутты құрайды.

Екінші кезең – Тиісті практика стандарттары шеңберіндегі нормативтік реттеу – GMP, GLP. (Сапаны басқару бағыты бойынша)

«Фармация» мамандығы бойынша «фармацевтикалық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету бойынша нормативтік талаптар».

Қатысушылар: топтан 3 адам.

Жарысқа бөлінген уақыт бір топқа 5 минутты құрайды.

Үшінші кезең - Заманауи дәріхана дизайны

Байқау-үй тапсырмасы. Әр команда «заманауи дәріхананың дизайны» тақырыбында алдын-ала дайындалған бейне-роликті ұсынады.

Кезең жеребе тастау бойынша әр команда үшін жүйелі түрде өткізіледі.

Олимпиаданың өтетін уақыты 15 сәуір-байқаудың барлық турлары, 16 сәуір – олимпиаданың қорытындылары мен жабылуы.

Олимпиаданың жүргізілу тілдері: қазақ, орыс.

Қатысу үшін келесі мәліметтер қажет: 2021 жылғы 5 сәуірге дейін келесі өтінім бойынша жіберілісін:

Студенттер арасындағы пәндік олимпиадаға қатысуға өтініш:

1. Қатысушылардың аты-жөні, тегі: _____

2. Оқу орны: (ЖОО аталуы, курсы) _____

3. Команданың атауы _____

4. Мамандығы _____

5. Қатысу тілі (орыс, қазақ) _____

6. Бағыты _____

7. Байланыс телефондары: _____

8. E-mail: _____

9. Топтың жетекшісі (ТАЖ, қызметі, байланыс тел. және e-mail): _____

10. әрбір қатысушыға оқу орнынан алынған анықтама немесе оқу кітапшасының сканерден өткізілген копиясы.

Құжаттар ұйымдастыру комитетінің электрондық мекенжайына 2021 жылдың 5 сәуіріне дейін кешіктірілмей жіберу қажет. E-mail: turgumbaeva.a@kaznmu.kz

Ұйымдастыру комитеті студенттік пәндік олимпиаданы «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ фармация мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамынан құрылған.

Төрайым: фармация мектебінің деканы фарм.ғ.д., профессор Сакипова З.Б., 87772350202

Олимпиаданы өткізуге жауапты: Тургумбаева Акнур Аманбековна 87016317287.